

Ақтөбе облысы
«Әйтеке би аудандық білім
бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің
«Б.Сейсекенов атындағы
жалпы орта білім беретін
мектебі» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі



Актюбинской области
коммунальное государственное
учреждение
- «Общеобразовательная средняя
школа им. Б.Сейсекенова»
государственного учреждения
«Айтекебийсий районный
отдел образования»

Телефон, факс: 8-713-39-73-5-96

Ұлғайсын селосы
Б.Сейсекенов көшесі № 15

с.Улғайсын
улица Б.Сейсекенова № 15

29 тамыз 2022 ж

**«2022-2023 оқу жылының басталуын,
ұзақтығын және каникул кезеңдерін
айқындау туралы»**

Бұйрық № 33 н/к

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде №29030 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын, Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №363 «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» бұйрығын орындау мақсатында

Бұйырамын:

1. Б.Сейсекенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 2022-2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникулы кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:

1) 2022-2023 оқу жылының басталуы – **2022 жылғы 1 қыркүйек;**
2) оқу жылының ұзақтығы **1-сыныптарда – 35 оқу аптасы, 2-11(12) – сыныптарда – 36 оқу аптасы;**

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11(12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2022 жылғы 31 қазан – 6 қараша аралығында), қысқы каникул – 9 күн (2022 жылғы 31 желтоқсан мен 2023 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі каникул – 9 күн (2023 жылғы 18-26 наурыз аралығында);

1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2023 жылғы 6-12 ақпан аралығында);

Бірінші сыныптардың оқу сабақтарының режимі: қыркүйекте – күніне 35 минуттан үш сабақ, қазан айынан бастап санитариялық қағидаларға сәйкес көз шынықтыру жағтынулары мен гимнастикаларын жасай отырып 45 минуттан өткізіледі. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары м.а О.Т.Оразбековаға жүктелсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын қалауды өзіме қалдырамын.

«Б.Сейсекенов атындағы жалпы орта білім
беретін мектебі» КММ-нің директоры



Б.Ж.Жумагулова